

## БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Қай қасиеттері бойынша берілістік механизмдерді топтауға болады?
2. Іліністің негізгі теоремасының мазмұны неде жатыр?
3. Эвольвенттік ілініс деген не?
4. Тісті іліністің модулі деп нені айтады?
5. Ілініс сызығы деп нені айтады?
6. Жабын коэффициентін қалай анықтауға болады?
7. Тісті дөңгелектерді істеп шығарудың қандай тәсілдерін білесіз?
8. Тісті дөңгелектерді ішінара түзету деп нені айтады?
9. Қай тісті механизмдерді цилиндрлік деп атайды?
10. Қай тісті механизмдерді конусты деп атайды?
11. Қай тісті механизмдерді гиперболоидты деп атайды?
12. Қай берілістік механизмдерді мультипликатор деп атайды?
13. Қай берілістік механизмдерді редуктор деп атайды?
14. Қай берілістік механизмдерді жылдамдықтар қорабы деп атайды?
15. Қай берілістік механизмдерді вариатор деп атайды?
16. Тісті механизмнің қай дөңгелектерін паразитті деп атайды?
17. Қай механизмдерді планетарлық деп атайды?
18. Қай механизмдерді дифференциалдық деп атайды??
19. Берілістік механизмнің қай звеносын водило (үстімен жүгіртуші) деп атайды?
20. Қай берілістік механизмді қарапайым қосылым деп атайды?
21. Берілістік механизмнің графикалық талдауының қандай әдістерін білесіз?
22. Үстімен жүгіртушіні (водилоны) тоқтату әдісі неде жатыр?
23. Жазық механизмдерді күш әсеріне зерттеу талаптары қандай болады?
24. Қай күштерді қозғалтушы күш деп атайды?
25. Қай күштерді кедергі жасайтын күштер деп атайды?
26. Қай күштерді пайдалы кедергі жасайтын күштер деп атайды?
27. Қай күштерді зиянды кедергі жасайтын күштер деп атайды?
28. Механизмді күш әсеріне есептеу негізі неде жатыр?
29. Механизм звеноларының инерция күштері қалай анықталынады?
30. Н.Е.Жуковскийдің «қатаң» иін туралы теоремасы қалай оқылады?
31. Механикалық пайдалы әсер коэффициенті (ПӘК) деп нені айтады?
32. Қай механизмдерді өздігінен тежелуші деп атайды?
33. Механизмнің келтірілген күші деп нені айтады?
34. Механизмнің келтірілген моменті деп нені айтады?
35. Механизмнің келтірілген массасы деп нені айтады?
36. Механизмді статикалық теңестіру шарты деп нені айтады?
37. Айналудағы массалардың статикалық моменті деп нені айтады?
38. Айналудағы массаларды динамикалық теңестіру шарты қалай анықталады?
39. Айналудағы массаларды теңестіру талабы қалай шешіледі?
40. Машинаны тіректе теңестіру талабы қалай шешіледі?

